

хаты

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ

Д Е П У Т А Т Ы



Д Е П У Т А Т

МАЖИЛИС ПАРЛАМЕНТА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана, Парламент Мәжілісі

20 __ жылғы «__» _____

№ _____

010000, Астана, Мажиліс Парламенті

«__» _____ 20 __ года

2025 жылғы 14 мамырда жарияланды

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі
О.А. Бектеновке

ДЕПУТАТТЫҚ САУАЛ

Құрметті Олжас Абайұлы!

Бүгін мен еліміз үшін аса маңызды және өкінішке орай әлі күнге дейін реттелмеген – Қазақстан Республикасының аумағында ақбөкендердің өлекселерін кәдеге жарату мәселесін көтергім келеді.

Соңғы жылдары ақбөкендердің жаппай қырылуы жиілеп барады. Бұл тек экологиялық емес, санитариялық-эпидемиологиялық қауіпсіздікке де тікелей әсер ететін күрделі жағдай. Алайда осы жағдаймен күресте басты сұрақ әлі күнге дейін ашық қалып отыр: ақбөкен өлекселерін кім, қандай тәртіппен және қандай заңнамалық негізде кәдеге жаратуы тиіс?

Қазіргі кезде бұл жұмыс іс жүзінде «Охотзоопром» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жүктелген. Алайда, өлекселерді жою олардың тікелей функционалдық міндетіне жатпайды, сондай-ақ олардың жарғысы мен регламентінде мұндай функция көзделмегенін ашық айтуымыз керек.

Соған қарамастан, нақты жағдайларда дәл осы мекеме ақбөкен өлекселерін жинау, көму, күзету, жергілікті атқарушы органдармен және санитарлық қызметпен өзара іс-қимыл жасау секілді міндеттерді орындауға мәжбүр. Бұл өз кезегінде мамандарға қосымша ауыртпалық әкеліп, заңнамалық тұрғыда қорғалмаған тәуекелдерге ұшыратуда.

Осыған байланысты мынадай проблемалар туындап отыр:

Бірінші – жабайы жануарлардың өлекселерін жоюға қатысты нақты нормативтік құқықтық база жоқ;

Екінші – жауапты мемлекеттік органдар мен мекемелер арасында өкілеттіктердің ара-жігі нақты ажыратылмаған;

Үшіншіден – жедел әрекет етуге қажетті қаржыландыру мен материалдық-техникалық қамтамасыз ету жеткіліксіз.

Халықаралық тәжірибеге көз жүгіртсек, бұл мәселе заңнамалық деңгейде шешіліп отырғанын көреміз.

– **Жануарлардың саулығы жөніндегі дүниежүзілік ұйым (WOAH)** «Құрлықтағы жануарлардың саулығы кодексі» (4.12-бөлім) өлекселерді жоюдың түрлі тәсілдерін – өртеу, терең көму, компосттау, қайта өңдеу сияқты әдістерін экологиялық және санитариялық талаптармен сәйкестендіре отырып ұсынған.

– **БҰҰ Азық-түлік және ауыл шаруашылығы ұйымы (FAO)** өлекселерді басқаруға арналған нұсқаулығында бұл жұмысты мемлекет бақылауында, бірнеше органның өзара іс-қимылы негізінде жүзеге асыру қажет екенін нақты көрсетеді.

– **АҚШ-тың Калифорния штатының балық және жабайы табиғатты қорғау департаменті (CDFW)** жануарлардың өлекселерін қауіпсіз жою үшін нақты ережелерді енгізген. Оларға – арнайы тереңдікте көму, әк пайдалану, жыртқыштар мен өлі ет жегіштердің қол жеткізуін болғызбау секілді талаптар жатады.

Тарихқа көз жүгіртсек, Кеңес үкіметі тұсында жыл сайын 200 000-ға дейін сайғақ заңды түрде дайындалатын. Мемлекет басқаруында мұздатқыш қондырғылары мен теміржол тұйықтары бар бірнеше дайындау пункттері болған, онда шамамен 2000 қызметкер жұмыс істеген. Сайғақ өнімін өткізуден түсетін пайда монополист оператор арқылы жинақталып, биоалуантүрлілікті сақтау қорына бағытталуы мүмкін. Бұл қор табиғатты қорғау шараларын, ғылыми зерттеулерді қаржыландырып қана қоймай, ауыл шаруашылығына сайғақтар келтірген шығындарды да өтей алатын болады.

Осы айтылғандарды ескере отырып, мынадай ұсыныстар енгіземіз:

1. Жабайы жануарлардың, соның ішінде ақбөкендердің өлекселерін кәдеге жарату бойынша нақты нормативтік құқықтық база әзірлеу керек;

2. Уәкілетті мемлекеттік органды немесе арнаулы қызметті белгілеп, «Охотзоопром»-ның бұл процеске заңсыз тартылуын болғызбау, ал тартылған жағдайда заңнамалық негіздің болуын және қаржыландыру, көлік, арнаулы техника, кадрларды оқыту және санитариялық қауіпсіздік хаттамаларын енгізу және қамтамасыз ету қажет;

3. Төтенше жағдайлар, Экология және табиғи ресурстар, Ауыл шаруашылығы министрліктері, санитариялық-эпидемиологиялық қызмет пен жергілікті атқарушы органдар арасындағы нақты өзара іс-қимыл тәртібін айқындау керек;

4. Жануарлардың саулығы жөніндегі дүниежүзілік ұйымның (WOAH) және Біріккен Ұлттар Ұйымының Азық-түлік және ауыл шаруашылығы ұйымының (FAO) ресми ұсынымдарын ескере отырып, өлекселерді жою мәселесі бойынша халықаралық тәжірибені жан-жақты зерттеуді және оны Қазақстан жағдайына бейімдеуді ұсынамыз.

5. Ақбөкендердің өлекселерін жинау, өңдеу және өнімін өткізу мәселелері бойынша монополист-мемлекеттік кәсіпорын құру мүмкіндігін қарастыру қажет деп есептейміз.

Осыған байланысты, құрметті Олжас Абайұлы, Сізден аталған мәселеге назар аударып, жан-жақты әрі құқықтық жағынан нақты шешім қабылдау жөнінде тиісті тапсырма беріп, және сауалға заңнамада белгіленген мерзімде жауап беруіңізді сұраймыз.

Құрметпен,

**«Ауыл» партиясы»
фракциясының депутаттары**

**Е. Саурықов
С. Егізбаев
Қ. Абден
Н. Арсютин
А. Баққожаев
Ж. Дайрабаев
А. Зейнуллин
Т. Серіков**

✍ А.Байжанова
☎ 74-63-92